

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 1598 және 2003 жылғы 4 маусымдағы N 529 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 тамыздағы N 826 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.08.2022 № 602 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) "Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 маусымдағы N 528 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 25, 233-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу ережесінде:

13-тармақтағы "жазуға құқылы" деген сөздер "жазады" деген сөзбен ауыстырылсын

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.08.2022 № 602 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 2) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

міндетін атқарушы